

Халықаралық және респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 516 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 7 қазанды № 12148 болып тіркелді.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 33) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық және респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті (М.Қ. Пішембаев):

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың инtranet-порталында орналастыруды;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бүйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Инвестициялар және даму

министрі

Ә. Иsekeshев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 17 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Корғаныс министрі

_____ И. Тасмағамбетов

2015 жылғы 29 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 24 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы 26 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 7 қыркүйек

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің

2015 жылғы 28 сәуірдегі

№ 516 бүйробымен бекітілген

**Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ
пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін
пайдалану қағидалары мен шарттары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану

қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 12-бабы 2-тармағының 33) тармақшасына және автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторға немесе концессионерге берілген Қазақстан Республикасындағы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдары мен көпір өткелдерін пайдалану тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұфымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолдарын пайдаланушылар – жол қозғалысына қатысушылар болып табылатын немесе автомобиль жолдарына бөлінген белдеу мен жол бойындағы белдеу шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

2) Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану – ақылы автомобиль жолдары және көпірлі өткелдері бойынша автокөлік құралдарының белгіленген жүктемелерімен, габариттерімен үздіксіз, қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру және пайдалану кезеңінде олардың көліктік-пайдалану жай-күйін ұстая;

3) ақылы жүруді ұйымдастырушы – Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор немесе концессионер;

4) көпірлі өткел – көпірді, көпірге кіреберісті, реттеу және қорғау құрылыштарын қамтитын, кедергілерді еңсеруге арналған инженерлік құрылыштар кешені.

2. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану тәртібі мен шарттары

3. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпірлі өткелдерін пайдалану "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп ұстая, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезінде орындалатын жұмыстар түрлерін сыйнаптауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қантардағы № 56 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9176 тіркелген) оларды жөндеу мен күтіп-ұстая жөніндегі іс-шараларды ақылы жүруді ұйымдастырушының уақытылы қамтамасыз етуін көздейді.

4. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін күтіп-ұстая бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүзеге асырылады.

5. Халықаралық және респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарының және көпір өткелдерінің пайдаланылуын бақылауды автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

6. Ақылы жүруді ұйымдастыруши халықаралық және респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдары мен көпір өткелдерін тиісті пайдалану мақсатында мынадай іс-шаралар өткізеді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес автомобиль жолдарын пайдаланушыларға жол жағдайларының себептері бойынша туындаған жол-көлік оқиғалары келтірген зиянды өтеу жөніндегі шараларды қабылдайды;

2) "Жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 492 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33042 болып тіркелген), жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп жолдарда немесе жолдардың жекелеген участкерінде жол қозғалысын уақытша шектейді немесе тыйым салады;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасай отырып, жол-көлік оқиғаларының есебін жүргізеді, олардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдайды, олардың алдын алу мен жою жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

4) жол қозғалысына қатысушыларды құтқару, жол-көлік оқиғалары, авариялар, дүлей апаттар жағдайларында оларға дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды;

5) халықаралық және респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдары мен көпір өткелдерін күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды уақтылы жүргізу мақсатында оларды визуалды тексеру күн сайын жүзеге асырады;

6) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға жол-көлік оқиғаларын тергеуге жәрдем көрсетеді, сондай-ақ егер жол-көлік оқиғасы ілеспе жол жағдайлары бойынша болса, қызметтік тексеру жүргізеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ақылы жүруді ұйымдастыруши халықаралық және респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдары мен көпір өткелдерін тиісті пайдалану мақсатында мынадай талаптарды сақтайды:

1) Заңға сәйкес автомобиль жолдарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтайды;

2) қысқы кезеңде халықаралық және респубикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін уақтылы қардан

тазартуды қамтамасыз етеді және жамылғының тайғақтығына қарсы шаралар қабылдайды;

3) көлік құралдарының үздіксіз және қауіпсіз жүріп өтуін және 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің фитосанитариялық жай-күйін сақтау;

5) Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларында, "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген), белгіленген жылдамдықты режим шеңберінде көлік құралдарының қауіпсіз жүріп-тұру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

6) дүлей метеорологиялық құбылыстар мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жояды;

7) автомобиль жолдарының бойында қорғаныш екпелерін күтіп-ұстайды;

8) жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын (қоршаулар, жол белгілері, жолды белгілеу, бағыттайтын құрылғылар, жарықтандыру желілері, бағдаршамдар, қозғалысты автоматтандырылған басқару жүйелері) орнату мен жөндеуді қамтамасыз етеді;

9) қажетті ақпараттық-коммуникациялық желілерге қосу арқылы автокөлік құралдары қозғалысының мониторингі үшін өлшеу құрылғыларын, жабдықтарды орнатуды және бағдарламалық қамтуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.